



**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
Көші-қон процесін реттеу және қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы
келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 2 қараша N 1119

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Көші-қон процесін реттеу және қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

ЖОБА

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы
Көші-қон процесін реттеу және қоныс аударушылардың
құқықтарын қорғау туралы келісімді бекіту туралы

1998 жылғы 6 шілдеде Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Көші-қон процесін реттеу және қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының

Үкіметі арасындағы Көші-қон процесін реттеу және қоныс
аударушылардың құқықтарын қорғау туралы

КЕЛІСІМ

Бұдан былай Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі
мен Ресей Федерациясының Үкіметі,
адам құқықтары жөніндегі БҰҰ-ның негізгі құжаттарында мазмұндалған
принциптерді басшылыққа ала отырып,

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы
арасындағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарттың
ережелерін негізге алып,
келісілген көші-қон саясатын жүргізу ниетін негізге ала отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасына Ресей Федерациясының қоныс
аударатын Қазақстан Республикасының азаматтарына және Ресей Федерациясына
Қазақстан Республикасынан қоныс аударатын Ресей Федерациясының
азаматтарына қолданылады.

Әрбір нақты тұлғаға осы Келісім бір реттік сипатта қолданылады.

Тараптар қоныс аударуда адамдарды кез келген мәжбүрлеуге жол
берілмейді деп таниды.

2-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдардың төмендегідей мағынасы бар:

"қоныс аударушы" - өзінің тұрғылықты тұратын мемлекетінің аумағын өз еркімен
көшіп кететін және өз азаматтығы бар мемлекеттің аумағына тұрғылықты тұруға қоныс
аударатын Тараптардың бірінің мемлекетінің азаматы;

"қоныс аударушының отбасы мүшелері" - өзімен бірге қоныс аударатын зайыбы (
жұбайы), ата-анасы, кәмелетке толмаған балалары, сондай-ақ қоныс аударушымен
бірге тұратын және ортақ шаруашылық жүргізетін басқа да туысқандары, еңбекке

жарамсыз асырауындағы адамдар;
"көшіп кететін мемлекеті" - бұрынғы тұрақты тұрған мемлекеті;
"көшіп келетін мемлекеті" - жаңадан тұрақты тұратын мемлекеті.

3 - б а п

О с ы к е л і с і м :

- а) б о с қ ы н д а р ғ а ;
- б) қылмыс жасағаны үшін сотталған және бас бостандығынан айыру орындарында жүрген адамдарға ;
- в) сыртқа кетуіне кедергі келтіретін жағдайлардың күші тоқтатылғанға дейін тұрақты тұратын мемлекетінің қауіпсіздік мүдделеріне сыртқа кетуі әсер ететін адамдарға ;
- г) Тараптардың, мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық немесе өзге де ұйымдардың, мекемелердің, жеке тұлғалардың мүдделерімен байланысты өздерінің мүлдіктік міндеттемелерін орындағанға дейін сыртқа кетуі кейінге қалдырылған адамдарға;
- д) оқуына, жұмысына, жеке және іскерлік сапарларына байланысты мемлекет аумағында уақытша жүрген адамдарға;
- е) қоныс аударушы еңбекшілерге;
- ж) міндетті әскери қызметтегі әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне қолданылмайды .

4 - б а п

Осы Келісімнің негізінде Қазақстан Республикасынан Ресей Федерациясына және Ресей Федерациясынан Қазақстан Республикасына қоныс аударатын адамдар белгіленген тәртіппен қоныс аударушының мәртебесін растайтын құжат алады.

Мұндай құжаттың нысанын Тараптардың мемлекетті органдары (бұдан әрі - уәкілетті органдар деп аталады) белгілейді, оларға көші-қон жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және осы Келісімнің сақталуын бақылау жүктеледі.

5 - б а п

Қоныс аударушылар және олардың отбасы мүшелері Тараптардың көші-қон қызметтерінен мынадай :

- а) осы Келісімнің мазмұны туралы;
- б) көші-қонның шарттары туралы;
- в) қоныс аударушылардың көшіп келген мемлекетіндегі құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты еркін, ақы-пұлсыз алуына құқығы бар.

Қоныс аударушылардың және олардың отбасы мүшелерінің:

а) өзі тастап шығатын мемлекеттің заңдарына сәйкес оның ұлттық игілігі болып танылатын мәдени құндылықтарды сыртқа шығаруға қатысты, сондай-ақ өзі тастап шығатын мемлекеттің заңдары сыртқа шығаруға тыйым салынған заттарға қатысты шектеулерді ескере отырып, олардың жеке меншігіндегі өздері кеткенге дейін мәлім етілген барлық жылжымалы мүлікті кететін мемлекеттен алып шығуына;

б) олардың жеке меншігі болып табылатын мүлікті сатуға немесе оған өзгеше билік етуіне және мәлім етілген тәртіппен алынған ақша қаражатын кез келген валютада және шектеусіз көшіп келетін мемлекетке алып кетуге;

в) көшіп кететін мемлекеттің банктік мекемелеріндегі орналасқан ақшалай салымдар мен активтерді көшіп келетін мемлекеттің банктік мекемелеріне аударуға;

г) өздеріне жеке меншік құқықтары бойынша тиесілі жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, ақшалай салымдар мен активтерді тастап шығатын мемлекеттің аумағында қалдыруға, оларға қатысты иемдену, пайдалану және билік жүргізу құқығын жүзеге асыруға құқығы бар.

Тараптар пайдалануға берілген пәтер, саяжай, саяжай үйі, гараж, өзге де үй-жай мен құрылыс үшін өзінің пайлық жарнасын толық енгізген тұрғын үй, тұрғын үй-құрылыс, саяжай, гараждық-құрылыс кооперативтің мүшелері болып табылатын қоныс аударушылардың осы мүліктерге деген меншік құқығын таниды.

Қоныс аударушылардың пайдалануына берілген мүлік үшін пайлық жарнаны мерзімінен бұрын төлеу және осы мүлікке арналған меншік құқығын ресімдеу құқығы беріледі.

Көшіп кететін мемлекеттің аумағында орналасқан және қоныс аударушылардың меншігі болып табылатын мүлікке қатысты, бір жағынан, қоныс аударушылар, олардың отбасы мүшелері мен екінші жағынан, мүдделі адамдар арасындағы азаматтық-құқықтық даулар, осы мемлекеттің аумағында оның заңдарына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

Көшіп келетін мемлекеттің құзыретті органдары аталған даулар бойынша, соның ішінде көшіп келетін мемлекеттің аумағында орындау мақсаты үшін көшіп кететін мемлекеттің заңды күшіне енген сот шешімдерін таниды.

Тараптар өз мемлекетінің аумағында мемлекеттік лауазымды адамдар тарапынан да , сондай-ақ жеке адамдар, топтар, қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар тарапынан да қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелеріне зорлық-зомбылық, қатер төндіру және қорқытып-үркіту нысанындағы кез келген іс-әрекеттерден, сондай-ақ жынысының, нәсілінің, тілінің, дінінің және сенімінің, саяси және өзге де көзқарастарының, экономикалық, мүліктік және отбасылық жағдайының белгілері бойынша өзге де іс- әрекеттерден қорғауды қамтамасыз етеді.

1 0 - б а п

Тараптар өзара негізде қоныс аударушыларды және олардың отбасы мүшелерін өздерінің жеке меншігіндегі мүлкін әкелуге және әкетуге шектеуден (көшіп кететін мемлекеттің заңы әкетуге тыйым салған заттардан және көшіп келетін мемлекеттің заңы әкелуге тыйым салған заттарды есептемегенде), кедендік баждардан, салықтардан және осыған байланысты алымдардан босатуды қамтамасыз етеді.

Әкетілетін ақшалай қаражат және аударылатын ақшалай салымдар мен активтер, аудару жөніндегі қызметтерге ақы төлеуді білдіретін жағдайларды қоспағанда, алымдар мен салықтардан босатылады.

1 1 - б а п

Көшіп кететін мемлекет қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелеріне өздерінің меншігіне жататын тұрғын үй мен басқа да мүлікті сатуға немесе басқаша нысанда билік етуіне жәрдемдесетін болады.

Көшіп кететін мемлекет қоныс аударушылар мен олардың отбасы

мүшелеріне, қызмет бабындағы және ведомстволық пәтерлерді есептемегенде, олардың заңды негіздерде іс жүзінде иемденіп отырған мемлекеттік және муниципалдық тұрғын үйлерін өз азаматтарымен қатар жекешелендіру құқығын береді.

Көшіп келетін мемлекет қоныс аударушылар мен олардың отбасы мүшелеріне тұрғын үйлерді жалға алу, жалдау, сатып алу мен салуға жәрдемдеседі.

Тараптар қоныс аударушылар арасында ұлттық заңдарда белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылатын тұрғын үйлер алмасуға кедергі келтірмейді.

12-бап

Көшіп келетін мемлекет жыл сайын қоныс аудару квотасын белгілейді.

Тараптар көшіп келетін мемлекет белгілеген қоныс аударушы квотасын есепке алмастан Тараптардың бірінің мемлекеттік аумағына адамдардың өз бетінше қоныс аудару құқығын таниды. Өз бетінше қоныс аударған адамдарға осы Келісімнің ережелері қолданылмайды.

13-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру құзыретіне жататын Тараптардың уәкілетті органдары тиісінше мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі;

Ресейдің Федеральдық көші-қон қызметі.

Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мен Ресей Федеральдық көші-қон қызметі осы Келісімді жүзеге асыру тәртібін жеке келісіммен (хаттамамен) белгілейді.

14-бап

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Ресей Федерациясының заңдарында осы Келісімде бар ережелерден өзгеше көзделген болса, онда осы Келісімнің нормалары қолданылады.

15-бап

Тараптар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті құжаттарға қол қою арқылы оған толықтырулар мен өзгертулер енгізе алады.

Аталған құжаттар осы Келісімнің 17-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

16-бап

Осы Келісімнің 13-бабында көрсетілген органдар реттей алмаған, осы

Келісімді қолдану мен түсіндіруге байланысты Тараптардың арасындағы даулар дипломатиялық арналар бойынша шешілетін болады.

17-бап

Осы Келісім бекітілуге жатады және бекіту грамоталарын алмасқан күні күшіне енеді, ол 5 жыл мерзімге жасалған, одан кейін Тараптардың бірі кезекті бес жылдық мерзім өткенге дейін кем дегенде 6 ай бұрын Келісімнің қолданысын өзінің тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда хабарламаса өздігінен ұзартылатын болады.

Мәскеу қаласында 1998 жылғы 6 шілдеде екі дана болып, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының	Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін